

Қызмет паспортын алғаны үшін алынатын төлем туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 29 наурыздағы N 120

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені бекіту туралы" және "Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық және қызмет паспортының үлгілерін бекіту туралы" қаулыларын орындау үшін:

1. Қызмет паспортын алғаны үшін азаматтардан алынатын төлем

20 (жиырма) АҚШ доллары мөлшерінде (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төленетін күнгі бағамы бойынша теңгемен) белгіленсін.

2. Ұлы Отан соғысына қатысушылар, оларға теңестірілген адамдар мен 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер қызметтік паспорт үшін төлемнен босатылсын.

3. Дипломаттық паспорттарды ресімдеу мен беру тегін жүргізілсін.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары